

Астанада жолаушыларды және жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 қарашадағы N 1061 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 34 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.01.2024 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Астанада жолаушыларды және жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 8 қарашадағы
N 1061 қаулысымен
бекітілген

Астанада жолаушыларды және жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Астанада жолаушыларды және жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының астанасында жолаушыларды және жүкті автомобиль көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

2. Ереже Қазақстан Республикасы астанасының аумағында қолданылады.

3. Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) астананың көлік органы – астана аумағында көлік саласындағы реттеуді жүзеге асыруға астана әкімі уәкілеттік берген жергілікті атқарушы орган;

2) маршрут – жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру процесінде айқындалған, белгіленген бастапқы, аралық және соңғы пункттер мен қозғалыс кестелерінің арасында жүретін жол;

3) маршруттың схемасы – аялдама пункттері, олардың арасындағы арақашықтық, сондай-ақ оларға тән бағдарлар (жол айрықтары, қиылыстар, теміржол өтпелері, көпірлер және тоннельдер) көрсетіле отырып, бағытты графикалық түрде шартты бейнелеу;

4) борт журналы – жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асырған кезде автокөлік құралының рейс алдында техникалық қарап-тексеруден әрі жүргізушінің рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап-тексеруден өткені туралы белгілер қойылатын, автокөлік құралында болатын нөмірленген және тігілген журнал;

5) жол жүру құжаты (билет) – ресімдеу арқылы жолаушыны тасымалдау шарты жасалатын қағаз немесе электрондық нысандағы құжат (бұдан әрі – билет);

6) жол полициясы – астанада жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы арнайы функцияларды жүзеге асыратын аумақтық ішкі істер органы ;

7) жолаушыларды отырғызу және түсіру пункті (аялдама пункті) – осы Ереженің талаптарына сәйкес жайластырылған, жолаушыларды отырғызу және түсіру мақсатында автокөлік құралдарының аялдауына арналған орын;

8) багаж – Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларында белгіленген нормалар шегінде буып-түйілген және автобустың, шағын автобустың багаж бөлімшесінде немесе автобуска, шағын автобуска ілесіп жүретін багаж автомобилінде, сондай-ақ тасымалдаушымен қосымша келісім негізінде таксимен тасымалданатын жолаушы мүлкі;

9) қозғалыс кестесі – жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршрутының әрбір аялдама пункті бойынша автобустардың, шағын автобустардың қозғалыс орны мен уақыты туралы мәліметтер қамтылған кесте.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Ұйымдастыру сипатына қарай жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдау тұрақты, тұрақты емес және таксимен тасымалдау болып бөлінеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Жолаушыларды және жүкті автомобильмен тұрақты тасымалдауды астананың көлік органы бекіткен бағыттар бойынша автобустар мен шағын автобустар жүзеге асырады.

Қалалық бағыттарда жолаушыларды және жүкті автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын көлік құралдары (автобустар немесе шағын автобустар) күні бұрын белгіленеді.

6. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды жүзеге асырған кезде тасымалдаушы автокөлік құралына жол парағын ресімдеп, жүргізушінің рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап-тексеруден, сондай-ақ автокөлік құралының техникалық қарап-тексеруден өткені туралы мәліметтерді енгізеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6-1. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты және тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылар автокөлік құралдарын тасымалдауды ұйымдастырушыға автокөлік құралының қазіргі тұрған жері туралы ақпаратты нақты уақыт режимінде беретін спутниктік навигация аппаратурасымен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 1-тарау 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Жолаушыларды автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау лицензиарға берілген лицензияға қосымшада көрсетілген автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жолаушылар тасымалы жүзеге асырылатын автобустардың, шағын автобустардың жылжымалы құрамының бірлігі өзгерген жағдайда лицензияға қосымша қайта ресімделуге тиіс.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 3, 4, 5, 6, 7, 8-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдау біржолғы сипаты бар тасымалдау, тапсырыс берілген автобустармен, шағын автобустармен тасымалдау болып бөлінеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Жолаушыларды және жүкті автомобильмен тасымалдауға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық тексеруден өткен автокөлік құралдары жіберіледі.

10. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаған кезде техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келетін және кемінде екі жолаушы есігі бар автобустар мен шағын автобустар пайдаланылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Астананың тұрақты қалалық бағыттарында қызмет көрсету мерзімі 14 жылдан аспайтын автобустар пайдаланылады.

12. Жолаушылар мен багажды қалада автомобильмен тұрақты тасымалдау кезінде пайдаланылатын автокөлік құралдарының салонында мыналарды:

- 1) тасымалдаушының толық атауын;
- 2) тасымалдаушының, тасымалдауды ұйымдастырушының, сондай-ақ жол полициясының байланыс телефондарының нөмірлерін;
- 3) маршрут схемасының көшірмесі мен қозғалыс кестесін;
- 4) маршрут бойынша жол жүруге және багажды алып жүруге белгіленген тарифті;
- 5) ақы төлемей жол жүргені және/немесе багажды алып жүргені үшін белгіленген айыппұлдың мөлшерін;
- 6) жолаушылардың құқықтары мен міндеттерін;
- 7) тыйымдар туралы ақпарат бар және арнайы орындар белгіленген пиктограммаларды қамтитын ақпараттық табло орналастырылады.

Жолаушылар мен багажды қалада автомобильмен тұрақты тасымалдау кезінде пайдаланылатын автокөлік құралдары аялдамаларды жариялайтын автоматтандырылған дауыс зорайтқыш құрылғымен жабдықталады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Жолаушылардың және жүктің қалалық тұрақты автомобиль тасымалдары кезінде пайдаланылатын автобустардың алдыңғы және артқы жақтарында бағыт нөмірі көрсетіле отырып, белгіленген үлгідегі трафареттер орнатылады.

Бағыттың нөмірі ашық сары түсті аяда қара түспен (қаріптің биіктігі кемінде 120 мм) жазылуы тиіс. Жедел тасымалдауды жүзеге асырған жағдайда трафаретте бағыт нөмірінің астында қызыл түсті (қаріптің биіктігі кемінде 60 мм) "Жедел" деген жазу болуы тиіс.

14. Жолаушылардың және жүктің тұрақты қалалық бағыттардағы автомобиль тасымалдарында пайдаланылатын автобустар салонының оң жағында жолаушы есіктерінің бірінің жанында бағыттың нөмірі мен мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қысқаша сипаттамасы (бағыт өтетін аралық және соңғы аялдамалардың, қоғамдық маңызы бар орындардың) бар трафарет орнатылуы тиіс.

15. Жолаушылардың және жүктің тұрақты қалалық бағыттардағы автомобиль тасымалдарында пайдаланылатын автобустардың алдыңғы жағында, жанында және артқы жақтарында белгіленген нысандағы гараждық нөмірлері қойылады.

16. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдау кемінде екі есігі бар автобустармен жүзеге асырылуы тиіс. Бұдан басқа, бұл автобустардың алдында және артында "Балаларды тасымалдау" деген айырым белгілері мен сары түсті жарқырауық шамдар орнатылады. Ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауға жасы кемінде жиырма бестегі, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар жүргізушіге рұқсат етіледі.

17. Жолаушыларды және жүкті автомобильмен тұрақты тасымалдауда пайдаланылатын автобустар салонының алдыңғы бөлігінде мүгедектігі бар адамдарға, зейнеткерлерге, жүкті әйелдерге және мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушыларға арналған орындар көзделеді. Осы орындардың тұсында олардың пайдаланылу мақсатын көрсететін ақпараттық тақташа орнатылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты және тұрақты емес тасымалдауды, сондай-ақ таксимен тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының салондарында темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, электрондық тұтыну жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды тұтынуға тыйым салынады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарын ашу, жабу және өзгерту тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Жолаушыларды және жүкті автомобильмен тасымалдау тұрақты қалалық бағыттарын ашу, жабу және өзгерту мәселелері бойынша мүдделі жеке және заңды тұлғалар астананың көлік органына тиісті ұсыныстарын жібереді.

20. Жолаушыларды және жүкті автомобильмен тасымалдау тұрақты бағыттарын ашу жөніндегі мәселелерді шешу үшін мүдделі жеке және заңды тұлғалар бағыт схемасы мен ол бойынша қозғалыс кестесін әзірлейді және оларды астананың көлік органына жібереді.

21. Жолаушыларды және жүкті тұрақты тасымалдау, егер:

1) автомобиль жолдарының өткізу қабілеті белгілі бір бағыттар бойынша автобустардың тұрақты қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік берсе;

2) автомобиль жолдарының жай-күйі және оларды жайластыру жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келсе, ұйымдастырылуы мүмкін.

22. Жолаушыларды және жүкті автомобиль көлігімен тұрақты тасымалдаудың бағыттық желісін қалыптастырған кезде мынадай қағидаттардың орындалуы қамтамасыз етіледі:

әрбір бағыт бойынша халықтың тасымалдауға қажеттілігін қанағаттандыру;

белгіленген нормалар бойынша автобустар сыйымдылығын ұтымды пайдалану;

жүру жолында жолаушыларға қажетті жағдайлар жасау;

жолдардың өткізу қабілетін, аялдама пункттерін және инфрақұрылымның басқа да объектілерін сақтау;

автобустарды пайдалану нормативтері мен ережесін, жол қозғалысының қауіпсіздігі талаптарын сақтау;

сапардағы жолаушылардың уақыт шығынын барынша азайту;

барлық түйіндес бағыттар бойынша автобустар қозғалысының кезеңділігі;

жүргізушілердің еңбек режимі мен демалысын сақтау.

23. Жолаушылардың және жүктің тұрақты автомобиль тасымалдарының бағыттарын ұйымдастыру мен есепке алуды жоспарлау мақсатында астананың көлік органы жолаушылардың және жүктің қалалық тұрақты автомобиль тасымалдары бағыттарының тізілімін жүргізуді жүзеге асырады.

24. Тізілімдерде бағыттардың мынадай негізгі сипаттамалары:

жүрудің бастапқы және соңғы пункттері бойынша бағыттардың нөмірі және атауы;

тікелей және кері қайту бағыттарындағы бағыттағы аралық пункттер саны және атауы;

тікелей және кері қайту бағыттарындағы бағыт ұзақтығы;

тікелей және кері қайту бағыттарындағы бағыттағы қозғалыстың орташа пайдалану жылдамдығы;

бағытқа қызмет көрсету кезеңі: жыл бойы, қосымша (белгілі бір күндерде және тәулік кезеңдерінде қолданылатын (қалалық бағыттарда демалыс, мерекелік күндер немесе "қауырт" сағаттар), маусымдық (алдын ала белгіленген уақыт аралығы ішінде қолданылатын (саяжай кезеңінде, демалыс аймақтары жұмыс істеген кезде, жолаушылар ағыны көбейген кезеңде));

бағыттар бойынша қозғалыс кестесі;

жолаушылар ағыны және жолаушылар айналымы;

жолаушыларға және жалпы отыруға арналған орындар бойынша бағыттағы автобустардың, шағын автобустардың сыныбы және паспорттық сыйымдылығы (жинақтау алаңшасының сыйымдылығын ескере отырып);

резервтік жылжымалы құрамды ескере отырып, бағытта қызмет көрсету үшін қажетті автобустардың, шағын автобустардың саны;

тасымалдаушы туралы мәліметтер (атауы, мекен-жайы, тегі, аты, әкесінің аты , тасымалдауды ұйымдастыратын жауапты басшының және тұлғаның телефоны) және оған берілген рұқсат ету құжаттарының қолданылу кезеңі қамтылады.

25. Ашылатын, сондай-ақ қолданыстағы астананың жолаушыларды және жүкті тұрақты қалалық автомобильмен тасымалдау бағыттары автомобиль жолы инфрақұрылымының техникалық жай-күйі мен ұстау деңгейі тасымалдау қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында тексерілуі тиіс.

Бағыттарды тексеруді құрамын астананың көлік органы бекітетін комиссия өткізеді.

26. Әрбір тексеру мен қозғалыс кестелерін келісудің нәтижелері қолданыстағы және болжамды жолаушылар ағынын ескере отырып, қозғалыстың белгілі бір кестелері бойынша бағыттарды ашу мүмкіндігі, одан әрі пайдаланудың немесе жабудың орындылығы туралы қорытындысы берілетін актімен ресімделеді.

27. Тексерудің актілері бағыттарды ашу, өзгерту немесе пайдалануды жалғастыру, тасымалдардың қауіпсіздігін арттыру, анықталған кемшіліктердің жойылуын бақылауды ұйымдастыру жөнінде шаралар қолдану мәселесін шешу үшін астананың көлік органына тапсырылады.

28. Астананың көлік органы аялдау пункттерін орнатуды, ауыстыруды және ұстауды іске асырады.

Көлік жүйелерінің алуан түрлері үшін ғимараттарда және құрылыстарда құрамдастырылған аялдау пункттерін ұйымдастыруға жол беріледі.

3-тарау. Автобустар қозғалысына диспетчерлік жетекшілік

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29. Елді мекендерді астанамен қосатын тұрақты халықаралық, қалааралық облысаралық, қалааралық облысшілік, қала маңындағы маршруттарға диспетчерлік жетекшілікті автовокзалдың немесе автостанцияның диспетчерлік қызметі ғана жүзеге асырады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

30. Астанада автовокзалдың, автостанциялардың және тасымалдаушылардың диспетчерлік қызметтері мынадай функцияларды:

1) бағыттағы, соның ішінде ауа райы-климаттық немесе жолдағы басқа да жағдайларға байланысты қозғалыстың ерекшеліктері туралы жүргізушілерге нұсқау беруді;

2) жүргізушілерде нақты бағыт бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыруға арналған қажетті құжаттарының (куәлігінің немесе рұқсатының, техникалық білім минимумы оқу курсынан өткені туралы анықтамасының, бағыттар схемасының, жол қағазының) болуын бақылауды;

3) кондукторда бағыт бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыруға арналған қажетті құжаттарының (техникалық білім минимумы курсынан өткені туралы анықтамасының, біржолғы билеттердің) болуын бақылауды;

4) заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

31. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

32. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-тарау. Жолаушылар мен багажды қалада автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастыру және оларды өткізу тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33. Бағыттарға қызмет көрсету құқығына конкурста (бұдан әрі - конкурс) жеңген тасымалдаушылар, олардың және астананың көлік органы арасында жасалатын жолаушыларды және жүкті тұрақты қалалық автомобильмен тасымалдауды ұйымдастыру шарттарының негізінде жолаушыларды және жүкті тұрақты қалалық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асырады.

34. Конкурсқа меншік құқығында немесе өзге заңды негіздерде автобустарға, шағын автобустарға иелік етуші, осы Ереженің талаптарына сәйкес тасымалдауды ұйымдастыруға және автобустарға, шағын автобустарға заңнама талаптарына сәйкес техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етуге қабілетті, меншік нысанына қарамастан кез келген жеке немесе заңды тұлға қатыса алады.

35. Жолаушыларды және жүкті тұрақты қалалық автомобиль тасымалдарының бағыттары тасымалдаушылардың арасында конкурс негізінде бөлінеді. Конкурсқа жекелеген бағыт та, бірнеше бағыт та бір лотпен шығарылуы мүмкін. Лоттарды қалыптастыру кезінде олардың маңыздылығы мен рентабельділігі ескеріледі. Лотқа рентабельділерімен қатар, рентабельді еместері де, бірақ бір лотқа екеуден аспайтын бағыттар енгізілуі мүмкін.

36. Астананың көлік органы конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

37. Нақты бағытқа (лот бағыттарына) қызмет көрсету құқығына конкурстың жеңімпазы болып, жолаушыларға сапалы қызмет көрсетуді және осы бағытта (лот бағыттарында) тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, көлік талаптарына сәйкес келетін әрі тасымалдаудың неғұрлым жақсы жағдайларын ұсынған және тиісті бағалау шкаласы (қосымша) бойынша есептелген баллдардың неғұрлым көп санын алған қатысушы танылады.

38. Астана әкімдігі жолаушыларды және жүкті тұрақты қалалық автомобиль тасымалдарының бағыттары бойынша конкурсқа қатысушылар ұсынған тарифтен төменірек әрі тиісті жолаушыларды және жүкті тасымалдаудың тарифтерін есептеу әдістемесіне сәйкес анықталған тарифтер белгілеуі мүмкін.

Астана әкімдігі белгілеген тарифтер осы тармақта көрсетілген тасымалдардың шығындарын жаппаған жағдайда, астана әкімдігі тасымалдаушыға белгіленген тариф пен тасымалдаудың нақты шығындарының арасындағы айырманы жергілікті бюджет қаражатының есебінен өтейді.

39. Жолаушыларды және жүкті тұрақты қалалық автомобиль тасымалдарының бағыттары бойынша жол жүру тарифтері өзгерген жағдайда, астана әкімдігі аталған өзгерістер туралы халыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жана тарифтер бойынша тасымалдауды жүзеге асыру басталғанға дейінгі он күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлайды.

40. Конкурстың ұзақтығы, оны жариялаған күннен бастап және конкурстың нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күнмен аяқталып, кемінде 30 және ең көп дегенде 60 күнтізбелік күнді қамтуы тиіс.

41. Конкурстық ұсыныстарды қарау, оларды бағалау және конкурстың жеңімпаздарын анықтау үшін құрамы астана әкімінің өкімімен белгіленетін конкурстық комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрылады.

42. Комиссияға:

- 1) астананың көлік органының;
- 2) көліктік бақылау органының;
- 3) жол полициясының өкілдері кіреді.

Комиссияның құрамына астананың көлік органына тиісті өтінім берілген жағдайда, жолаушыларды автокөлікпен тасымалдау қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері енгізіледі.

43. Комиссия құрамында конкурстық ұсыныстарды бағалау құқығынсыз комиссия жұмысын ұйымдастыру қызметі жүктелетін комиссия хатшысы көзделуі тиіс.

44. Комиссия мүшелерінің саны тақ болуы және кемінде бес адамды құрауы тиіс.

45. Конкурсты өткізу алдында астананың көлік органы комиссиямен келісілген лоттарды қалыптастырады және конкурстық құжаттаманың жиынтығын дайындайды.

Бұл ретте қалыптастырылатын лоттарды келісу жөнінде шешім қабылдауды отырыс хаттамасында шешімді бекіте отырып, комиссия жүзеге асырады.

46. Конкурстық құжаттаманың жиынтығы өзіне:

1) конкурсқа шығарылатын жолаушыларды және жүкті қалалық тұрақты автомобиль тасымалдары бағыттарының негізгі сипаттамаларын, сондай-ақ оларға қоса берілетін бағыттардың схемалары мен қозғалыстар кестелерін, жылжымалы құрамды жаңарту қажеттілігінің кестесі, экологиялық талаптар, жүргізушілер (кондукторлар) мен диспетчерлердің арнайы киім-кешегі мен киім нысанының қажеттілігін;

2) конкурсқа шығарылатын жолаушылардың және жүктің тұрақты қалалық автомобиль тасымалдарының бағыттарына қызмет көрсетуге конкурстық ұсыныстар толтырылатын нысандарын (бұдан әрі - конкурстық ұсыныстар) комиссия мүшелері санына тең мөлшерде;

3) жолаушыларды және жүкті тұрақты қалалық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру шартының жобасын;

- 4) қатысушы туралы ақпарат бланкісін;
- 5) бағалау шкаласын;

б) конкурстық ұсыныстарды беру үшін бір үлкен конвертті (егер конкурсқа бағыттар бір лоттан артық шығарылса, онда әрбір лотқа жеке конверттер болуы тиіс) қамтиды.

47. Конкурстық ұсыныстар, комиссия конкурстың қорытындысы бойынша қатысушыларды бағалауды жүргізетін мынадай өлшемдердің жинағын өзіне қамтиды:

1) ұсынылып отырған жылжымалы құрам (автобустардың, шағын автобустардың түрі, санаты мен саны, пайдалану мерзімі, паспорттық сыйымдылығы);

2) көлік құралдарының тиесілігі;

3) жылжымалы құрамды сақтауға, оған техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған өндірістік-техникалық базаның болуы (меншікті немесе шарт бойынша пайдаланылатын);

4) үміткердің басшылық буынының қалалық бағыттардағы жұмыс тәжірибесі;

5) жүргізуші персоналының жолаушылар тасымалы саласындағы жұмыс тәжірибесі;

б) желіден шығып қалған жылжымалы бірліктерді ауыстыру жөніндегі шаралар жүйесі;

7) жолаушылар тасымалын жүзеге асыру жөніндегі қосымша ұсыныстар.

48. Конкурстық ұсыныстарда жылжымалы құрам мен жүргізуші персоналын бір бағыттан артық, осы бағыт кіретін лот бойынша конкурс аяқталғанға дейін қайталап көрсетуге жол берілмейді.

Осы бағыт қамтылған лот бойынша конкурс аяқталғанға дейін конкурстық ұсыныстарда қатысушылар жылжымалы құрам мен жүргізуші персоналын бір бағыттан артық көрсету фактілері анықталған жағдайда, неғұрлым кештеу тапсырылған конкурстық ұсыныстар жарамсыз болып саналады.

49. Қатысушы конкурстық ұсыныстар бойынша толық және сенімді ақпаратты ұсынуы тиіс.

50. Астананың көлік органы конкурс өткізілгенге дейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей, конкурстың өткізілетін күнін, орнын және уақытын, конкурсқа қатысу үшін міндетті шарттарды, өтінімдерді қабылдау орны мен мерзімдерін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлайды.

51. Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде комиссия конкурс өткізу мәселелері бойынша конкурс алдындағы конференция өткізеді.

52. Комиссия төрағасы конкурсқа қатысушылар ұсынған мәліметтердің шынайылығын орнына барып тексеруді (бұдан әрі - тексеру) ұйымдастыру үшін комиссия құрамына кірмейтін астана көлік органының, көліктік бақылау және жол полициясы органдарының өкілдерінен конкурс алдындағы комиссия құрады.

Комиссия төрағасының болмауына байланысты конкурс алдындағы комиссия құрамы туралы шешімді уақтылы қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, комиссия конкурс алдындағы комиссия құрамын алқалы түрде анықтай алады.

53. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер конкурстық құжаттаманың жиынтығына жазбаша түрде өтінім береді және оның құнын төлейді. Конкурстық құжаттама жиынтығының құны, конкурс өткізуге байланысты шығындардың калькуляциясына сәйкес болуы тиіс, бірақ конкурс өткізу туралы хабарландыру шығатын күнге бекітілген айлық есептік көрсеткіштің 10 есе мөлшерінен аспауы тиіс.

54. Осы Ереженің 47-тармағының 1), 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттар, конкурсқа қатысушылар үшін дайындалған конкурстық құжаттаманың жиынтығы астананың көлік органының мөрімен куәландырылуы тиіс.

55. Конкурсқа қатысушыларды тіркеу конкурс туралы хабарландыру жарияланған күннен басталады және оның басталуына дейін бес жұмыс күні бұрын аяқталады.

56. Конкурсқа қатысушы ретінде тіркелу үшін комиссияға тиісті лот бойынша конкурсқа қатысуға өтінім (бұдан әрі – өтінім) беру қажет, оған конкурстық құжаттамаға қоса берілетін конвертке салынған мынадай құжаттар:

- 1) қатысушы туралы толтырылған ақпарат бланкісі;
- 2) заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының және жолаушылар алдында тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының көшірмелері;
- 4) жылжымалы құрамның әрбір бірлігі үшін көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің және ағымдағы кезеңде жарамды диагностикалық техникалық қарап-тексеру карталарының көшірмелері;
- 5) конкурстық құжаттама жиынтығына салынған нысандар санына тең санда қатысушының қолымен толтырылған әрі оның мөрімен куәландырылған конкурстық ұсыныстар қоса беріледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар үшін мөрдің болуы талап етілмейді.

Конкурстық ұсыныстар стандартты ақ парақтарда біркелкі, түзетулерсіз және шимайсыз ресімделеді.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

57. Комиссияның хатшысы мерзімінде берілген өтінімдерді қабылдайды және қатысушыға құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама (анықтама) беріледі, содан кейін конкурстық ұсыныстарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерді бұзып берілген өтінімдер мен оларға қоса берілетін құжаттарды комиссия қарамайды.

58. Өтінімдерді қабылдау осы Ереженің 56-тармағында көзделген барлық құжаттар болған кезде жүргізіледі.

59. Қабылданған өтінімдермен қатар конкурс алдындағы комиссия тексеру жүргізу кестесін жасайды және 3 күннен кешіктірмей әрбір қатысушыны тексеру уақыты туралы жазбаша түрде хабардар етеді. Қатысушы тексеру өткізілетін күні конкурс алдындағы комиссияға барлық қажетті материалдарды ұсынады және оларды талап етілетін объектілермен таныстыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

60. Конкурс алдындағы комиссия мүшелері ұсынылған конкурстық құжаттамаға қоса берілетін құжаттар көшірмелерінің шынайылығын, конкурстық қосымшаларда көрсетілген автокөлік құралдарының сыныптарының, модельдері мен тіркеу нөмірлерінің сәйкестігін, сондай-ақ конкурстық ұсыныстарда көрсетілген өндірістік-техникалық базада жылжымалы құрамды сақтау, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу мүмкіндігін тексереді.

Конкурс алдындағы комиссия тексеру қорытындылары бойынша қатысушы туралы ақпарат толтырылған бланкіде конкурстық ұсыныстарда ұсынылған мәліметтердің шынайылығы туралы белгі қояды және қатысушының конкурстық ұсыныстарында көрсетілген автокөлік құралдарының осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігі туралы анықтаманы (бұдан әрі - анықтама) қоса береді.

Уақытты оңтайландыру үшін конкурстық ұсыныстарда ұсынылған мәліметтердің шынайылығы туралы пікірлер білдіру мақсатында тексеру объектілері және түрлері бойынша конкурс алдындағы комиссия мүшелерін бөлуге жол беріледі.

Көрсетілген құжаттар қатысушы ұсынған өтініммен және құжаттармен бірге тиісті конвертте мөрмен бастырылады.

61. Конкурс өткізілетін күні комиссия мүшелері қатысушылардың өтінімдері мен қоса берілген құжаттар бар конверттерді кезекпен ашады және конкурстық ұсыныстарды қатысушыларды тіркеу тізіміне сәйкес қарайды.

Комиссия мүшелері бағалау шкаласына сәйкес конкурстық ұсыныстарды бағалау парағына баллдарды жеке қояды.

62. Конкурстық ұсынымдарда көрсетілген автобустардың, шағын автобустардың (резервтік жылжымалы құрамды ескере отырып) сыныбы, жолаушылар сыйымдылығы және саны осы Ереженің талаптарын және бағыттардың негізгі сипаттамаларын қанағаттандырмаған жағдайда, сондай-ақ конкурсты өткізу туралы хабарландыруға сәйкес келетін конкурсты ұйымдастырушылар айқындаған қосымша талаптарды орындауға сілтемелер конкурстық ұсыныстарда көрсетілмеген жағдайда, өтінімдер мен оларға қоса берілетін құжаттарды комиссия қарауға қабылдамайды.

63. Қатысушылардың нақты лотқа құжаттарымен бірге барлық конверттер қаралғаннан және бағаланғаннан кейін комиссия мүшелері тиісті қатысушылар бойынша конкурстық ұсыныстарды бағалау парақтарының қорытынды баллдарын қосады және жалпы жиынтық баллды анықтайды, ол хаттамада тіркеледі.

64. Жалпы жиынтық баллдардың нәтижесі бойынша комиссия мүшелері барынша жоғары жалпы жиынтық балл алған қатысушының құжаттарын, оның ішінде анықтамасын қарайды.

Қатысушының конкурстық ұсыныстарында көрсетілген автокөлік құралдарының осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігі туралы конкурс алдындағы комиссияның оң бағасы болған жағдайда, осы қатысушы тиісті лот бойынша конкурстың жеңімпазы деп танылады.

Конкурс алдындағы комиссия теріс қорытынды жасаған жағдайда, комиссия мүшелері жоғарылығы бойынша келесі жалпы жиынтық балл алған қатысушының құжаттарын осылайша қарауға көшеді.

65. Егер қандай да бір лот бойынша бір де бір қатысушы тіркелмесе, астананың көлік органы осы лот бойынша негізгі талаптарды өзгертуі немесе басқа лот қалыптастыруы және оны келесі конкурсқа шығаруы тиіс.

Егер лот бойынша екі конкурсқа екі рет бір қатысушы өтінім берген жағдайда, сол қатысушыны конкурстық комиссия комиссия мүшелерінің жалпы санынан $1/2$ кем емес дауыс беруі жолымен лот бойынша осы қатысушыны жеңімпаз деп анықтауы мүмкін.

66. Өткізілген конкурстың нәтижелері хаттамамен ресімделеді, оған комиссия мүшелері қол қояды және комиссия төрағасы бекітеді. Комиссияның әрбір мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша беруі және оны хаттамаға қоса беруі мүмкін.

Егер оның отырысына мүшелерінің кемінде $2/3$ қатысса, комиссияның шешімі заңды деп танылады.

67. Конкурсты ұйымдастырушы конкурс өткізілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде өздері ұсынған конкурстық ұсыныстарды бағалау нәтижесін барлық қатысушыларға жазбаша түрде жібереді.

68. Конкурс нәтижесіне сот тәртібімен шағым берілуі мүмкін.

69. Конкурс нәтижелерін сот жарамсыз деп таныған жағдайда, қайталама конкурс алдыңғы конкурс нәтижесінің күшін жою туралы сот шешімі күшіне енгеннен кейін 30 жұмыс күнінен кешіктірмей өткізіледі.

Бұл ретте алдыңғы конкурстың қатысушыларына конкурстық құжаттама тегін беріледі.

70. Хаттаманың негізінде астананың көлік органы конкурстың жеңімпазымен жолаушылардың және жүктің тұрақты қалалық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру шартын (бұдан әрі - шарт) жасайды. Шарт кемінде үш жыл мерзімге жасалады.

71. Шарт жасасқан конкурс жеңімпазына шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне бағытта жұмыс істеу құқығын растайтын жолаушылардың және жүктің тұрақты қалалық автомобиль тасымалдарының бағыттарына қызмет көрсету құқығына куәлік (бұдан әрі - куәлік) беріледі. Көрсетілген тасымалдарды куәліксіз жүзеге асыруға жол берілмейді.

72. Куәлікті астананың көлік органы типографиялық тәсілмен дайындайды, оның кемінде 4 қорғаныш дәрежесі бар және қатаң есептілік бланкісі болып табылады және онда мынадай ақпарат:

тасымалдаушының атауы;

бағыттың нөмірі;

берілген күні;

қолданылу мерзімі;

астана көлік органы лауазымды тұлғасының қолы және мөріне арналған орын қамтылуы тиіс.

73. Конкурстық ұсыныстарда конкурс жеңімпазы ұсынған бағытта пайдалануға арналған автобустар (шағын автобустар) көрсетілген, оның ішінде резервтік жылжымалы құрам көрсетілген куәліктер тасымалдаушыға, бағытта пайдаланылатын автокөлік құралдарының тиісті санына сәйкес мөлшерде беріледі және тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автобустардың, шағын автобустардың жүргізушілерінде болуы тиіс.

74. Бағытта (бағыттарда) жұмыс істеу құқығын үшінші тарапқа беруге жол берілмейді.

75. Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, астананың көлік органы тасымалдаушыдан куәлікті қайтарып алады және осы шарт бойынша қызмет көрсетілетін бағыттарға жаңа конкурс жариялайды.

76. Тасымалдаушының бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен шарт бұзылған жағдайда, ол бұл туралы астананың көлік органын 45 күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етеді.

5-тарау. Жолаушылар мен багажды қалада автомобильмен тұрақты тасымалдау

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

77. Жолаушылардың және жүктің тұрақты қалалық автомобиль тасымалы астананың көлік органы бекіткен бағыт желісі бойынша жүзеге асырылады, ол жолаушы көлігін дамытудың бекітілген кешенді схемасы және азаматтардың, ұйымдардың ұсыныстары бойынша жолаушылар ағынын талдаудың негізінде қалыптастырылады.

Бұл ретте қала маңындағы бағыттың қала ішіндегі қозғалыс схемасы мейлінше қысқа болуы тиіс.

78. Халықаралық, облысаралық қалааралық, облысішілік қалааралық және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) астанамен жалғастыратын, астана ішінде жүретін тұрақты бағыттардың қозғалысы астананың көлік органы бекіткен астананың карта-схемасы бойынша жүзеге асырылады.

79. Жолаушыларды және жүкті тұрақты қалалық автомобильмен тасымалдау бағыттық желісі белгілі бір бағыттарды қайталау, сондай-ақ бір бағыт басқасының елу пайыздан астам аялдама пункттерін қайталауын болдырмайтындай етіп қалыптастырылуы тиіс.

80. Жолаушыларды және жүкті тұрақты қалалық автомобильмен тасымалдау бағытында шағын автобустарды пайдалануды айқындау жолаушылар ағынының төмен болуымен негізделеді, бұл ретте шағын автобустар пайдаланылатын бағыттардың ұзақтығы жолаушыларды және жүкті қалалық тұрақты автомобильмен тасымалдау бағыттық желісі ұзақтығының отыз пайызынан аспауы тиіс.

81. Жолаушыларды және жүкті тұрақты қалалық автомобильмен тасымалдаудың бағыттарына мынадай режимдердің бірінде қызмет көрсетіледі:

1) кемінде екі жолаушы есігі бар қалалық автобустармен, шағын автобустармен, сондай-ақ қалааралық автобустармен тұрақты автомобиль тасымалдарының бағыттарында, бағыттың схемасында көрсетілген, қала шегінде олардың арасындағы қашықтық 400-ден 800 метрге дейін болуы тиіс барлық аялдама пункттеріне тоқтау арқылы жүзеге асырылатын әдеттегі бағыттар;

2) кемінде екі жолаушы есігі бар қалалық автобустармен бағыттың схемасында көрсетілген, олардың арасындағы қашықтық 800-ден 3000 метрге дейін болуы мүмкін барлық аялдама пункттеріне тоқтау арқылы жүзеге асырылатын жедел бағыттар.

82. Халыққа қызмет көрсету ерекшелігіне сәйкес астанада жолаушылардың және жүктің тұрақты қалалық автомобиль тасымалдары мынадай сипатта болуы мүмкін:

1) тәуліктің бүкіл белгіленген кезеңі және аптаның барлық күндері ішінде қолданылатын тұрақты;

2) белгілі бір күндерде немесе тәуліктің кезеңдерінде қолданылатын қосымша (демалыс, мерекелік күндер немесе "қауырт" сағаттар);

3) алдын ала белгіленген уақыт аралығы ішінде қолданылатын маусымдық (саяжай кезеңінде, демалыс аймақтары, спорттық-сауықтыру кешендері жұмыс істеген кезде);

4) уақытша, қысқа уақытта қолданылатын уақытша (әдеттегі режимде қызмет көрсетуге кедергі жасайтын жол желісінде күтпеген жағдайлар туындаған кезде).

83. Жолаушыларды автокөлік құралына отырғызу және түсіру мынадай ретпен жүргізіледі:

1) шағын автобустарда алдымен жолаушыларды түсіру, одан кейін отырғызу жүргізіледі;

2) екі және одан да көп есігі бар автобустарда жолаушыларды түсіру - алдыңғы есіктен басқа барлық есік арқылы, ал отырғызу алдыңғы есік арқылы жүргізіледі.

84. Артқы есік арқылы отырғызу құқығын тек мүгедектігі бар адамдар ғана пайдаланады.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

85. Кезектен тыс отырғызу құқығын мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлер, жүкті әйелдер, мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушылар пайдаланады.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

86. Жолаушылардың және жүктің тұрақты қалалық автомобиль тасымалдарының бағыттарында жол жүру және жүк алып жүру төлемін жолаушы қолма-қол ақшамен кондукторға (жүргізушіге) немесе жол ақысын төлеудің бірыңғай электронды жүйесі арқылы отыру кезінде береді.

Автобустың салонында өлшемі 60x40x20 см және салмағы 20 кг дейінгі бір орындық қол жүгін, сондай-ақ қаптамасы бар бір жұп шаңғыны, бала арбасын немесе шанасын қосымша ақысыз алып жүруге рұқсат етіледі (автобустарда ғана).

87. Тұрақты қалалық бағыттарда айлық жолақы билеттері және төлемақының тікелей байланыссыз электронды карталарын сату жолақы билеттерін тарату

пункттерінде жүргізіледі. Жеңілдікті жолақы билеттерін беру жергілікті халықты әлеуметтік қорғау органдарында жүзеге асырылады.

88. Байланыссыз электронды карталардың шоттарын толықтыру мамандандырылған электронды қондырғылар желісі арқылы жүзеге асырылады.

89. Қалалық қатынаста жол жүру, белгіленген нормадан асқан қол жүгін алып жүруге қолма қол ақша төлеу фактісі мынадай:

сериясы және нөмірі;

жол жүру құны;

билеттің шығарылған жылы сияқты ақпарат қамтылған біржолғы жалпы билет жолаушыға беріліп, тіркеледі.

90. Байланыссыз электронды карта арқылы жол жүруіне ақы төлеу фактісі тиісті сәйкестендіру нөміріндегі байланыссыз электронды картаның электронды шотында тіркеледі.

91. Байланыссыз электронды карталарды пайдалану тәртібі қолданылатын жүйелердің технологиясымен регламенттеледі, бірақ қолданыстағы заңнаманың талаптарына қайшы келмеуі тиіс.

92. Жол жүргені үшін ақы төлеудің екі немесе және одан да көп технологиялық жүйелерін бір мезгілде қолдануға жол берілмейді.

93. Айлық немесе жеңілдікті жол жүру билеттерінің қолданылуы белгіленген нормадан асатын жүкті және қол жүгін алып жүруге қолданылмайды.

94. Айлық немесе жеңілдікті жол жүру билеті бар жолаушы оны кондукторға (жүргізушіге) автобуска, шағын автобуска мінген кезде көрсетеді.

95. Егер жолаушы жеңілдікті жол жүру билетін пайдаланса, онда ол сондай-ақ оның жеңілдікке құқығын растайтын құжатты да ұсынады.

6-тарау. Жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

96. Дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар таксимен тасымалдаушы ретінде қызметін жүзеге асыруды бастар алдында жергілікті атқарушы органға " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызметтің басталғаны туралы хабарлама жібереді.

Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

97. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

98. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

99. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

100. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

101. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

102. Таксимен тасымалдаушылар:

осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін техникалық жарамды такси автомобильдермен тасымалдауды жүзеге асырады;

қызметін заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде жүзеге асырады;

"Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жолаушылар алдында тасымалдаушылардың азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасады;

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 23-10) тармақшасына сәйкес автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган бекіткен Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидаларына сәйкес жоспарлы-алдын ала техникалық қызмет көрсету, жылжымалы құрамды жөндеу және рейс алдындағы бақылаудан өткізу үшін жағдайларды қамтамасыз етеді (мұндай база немесе оның жекелеген компоненттері болмаған жағдайда тасымалдаушылар осы қызмет түрін жүзеге асыруға рұқсат құжаттары бар тиісті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді орындайтын субъектілермен шаруашылық шарттарын жасасады);

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 86-бабының 4 және 6-тармақтарына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары мен мерзімділігі және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес көлік құралдарын жүргізушілердің рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап-тексеруден өтуін және рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап-тексеруден өтпеген жүргізушілерді көлік құралдарын басқаруға жібермейді, сондай-ақ таксидің ақауы болған жағдайда оны уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етеді;

жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін сақтайды;
жүргізушілер персоналын белгіленген үлгідегі нысанды киіммен қамтамасыз етеді;

жүргізушілердің жолаушылар көлігі кәсіптік оқу-білім беру орталықтарында: қаланың және көшелердің орналасуын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларын, көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін (бұдан әрі – Жол жүрісі қағидалары) және осы Ережені;

қауіптілігі жоғары әдеттегі жол-көлік ахуалдарын, жолдағы және метеорологиялық жағдайлар қиын болғанда көлік құралын қауіпсіз басқару негіздерін;

зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін;

жол-көлік оқиғасы кезінде жолаушыларды эвакуациялау тәртібін білуді көздейтін кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан өтуін және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Такси автомобильдер шанақ периметрі бойынша "шаршылы белдеумен" және төбесінде орналасқан, әрі 500 метрге дейінгі қашықтықтан жақсы ажыратылатын айырым қалпақшасымен, алдыңғы есіктері тасымалдаушының логотипімен, артқы есіктері қызмет көрсететін диспетчерлік қызметтің нөмірлерімен және шанақтың артқы бүйір жақтары такси автомобильдің жеке тіркеу нөмірімен (гараж нөмірімен) жабдықталады. Айырым қалпақшасында "ТАХІ" (такси) деген жазу немесе тәуліктің қараңғы уақытында жарық түсіретін өзіндік "шаршылы белдеуі" болады.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

103. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

104. Қажет болған кезде такси автомобильдер таксометрмен жарақтандырылады.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

105. Такси автомобильдер диспетчерлік қызметпен (бар болса) радиоландырылған немесе ұялы байланыс құралдарымен жабдықталады.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

106. Такси автомобильдің салонында жолаушыларға көрініп тұратындай: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), сондай-ақ тасымалдаушының ресми атауы көрсетілген жүргізушінің фотосуреті;

тасымалдау тарифі, сондай-ақ белгілі бір жағдайда қолданылатын арнайы тарифтер (әрбір багаж орнына, әрбір жануарға және т.б.);

астананың көлік органының, диспетчерлік қызметтің (бар болса) және "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметінің телефон нөмірлері болады.

Такси автомобильдің салонында қолжетімді жерде тасымалдау процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері бөлігінде осы Ережеден үзінді көшірме, сондай-ақ қаланың (астананың) картасы болады.

Осы тармақтың ережелері тіл туралы заңнамаға сәйкес орындалады.

Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

107. Такси автомобильде:

1) қажетті дәрілер жиынтығы және медициналық заттар салынған медициналық қобдиша;

2) апат жағдайында тоқтау белгісімен;

3) жүргізуші тез қол жеткізетін орында бекітілген өрт сөндіру құралдары болуы тиіс.

108. Такси автомобильдің алдыңғы орындықтары бас тіреуіштермен және қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталуы тиіс.

109. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

110. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

111. Такси автомобильдің жол қозғалысы және қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігі бөлігіндегі техникалық жай-күйі мен жабдықталуы олардың техникалық пайдаланылуы жөніндегі тиісті стандарттардың, ережелер мен басшылықтардың талаптарына жауап беруі тиіс.

112. Такси автомобиль салоны күн сайын дымқылдап сүртіліп тұруы тиіс.

113. Такси автомобильмен астанада жолаушыларды және жүкті тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілерде:

тиісті санаттағы жүргізу куәлігі;

5 жылдан кем емес жүргізушілік еңбек өтілі;

жолаушыларды тасымалдауға жарамдылығы көрсетілген медициналық тексеруден өткені және жыл сайынғы флюорографиялық тексеруден өткені туралы анықтамасы болуы тиіс.

114. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

115. Диспетчерлік қызметтер:

жолаушылардан тапсырыстар қабылдау және оларды такси жүргізушісіне беру үшін сапалы көп арналы және жедел радиоландырылған немесе ұялы байланыспен қамтамасыз етеді;

тапсырыстардың уақтылы орындалуын және таксилердің берілуін бақылауды жүзеге асырады;

жолаушылардан түскен тапсырыстарды тіркеу журналын жүргізеді;

такси кешіккен немесе тапсырысты орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда таксиге тапсырысты ресімдеген адамға оның кешігетіні туралы дереу ескертеді немесе жолаушымен келісу бойынша қысқа мерзімде басқа таксимен ауыстырады;

таксиге тапсырыстар қабылдау туралы қала тұрғындарына анық және шынайы ақпарат береді.

Ескерту. 115-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

116. Такси автомобильдерінің тиімді жұмыс істеуі және оларды жолаушылардың пайдалануын қолайлы ету үшін ірі объектілердің - вокзалдардың, сауда орталықтарының, стадиондардың және басқа да қаланың жолаушылар жиналатын орындарында такси тұрақтарын жабдықтау және орналастыру ұйымдастырылады.

117. Такси тұрақтары өздеріне жүру бөлігінен оқшауландырылған 10-нан аспайтын такси автомобильді кіргізу және тұрғызуға арналған жайластырылған аумақты, жол сызбаларын, жол белгілерін, тұрақтың атауы және нөмірі көрсетілген трафаретті, "Таксиге отырғызу" көрсеткішін қамтиды. Такси тұрақтарын ағымдағы ұстау мен оларға қызмет көрсетуді қаланың аудандық әкімдіктері жүзеге асырады.

118. Жүру бөлігінің бойында тұрақта тұрған таксилер саны жайластырылған қалтарыста бес автомобильден (қалтарыссыз жерде үштен аспайды) аспауға тиіс.

119. Такси автомобильдердің тұрақтары тәуліктің қараңғы кезінде жарықтандырылуы тиіс.

120. Такси тұрақтарын осы Ереженің шарттарына сәйкес келетін таксимен тасымалдаушылар пайдаланады.

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

121. Такси автомобильге отырғызу арнайы жабдықталған такси тұрақтарында , көше-жол желісінің учаскелерінде және жолаушылардың тапсырыстары бойынша такси автомобильдерді беру орындарында жүргізіледі.

122. Такси автомобильге отырғызу және одан түсіру әбден тоқтағаннан кейін және жолаушыларды отырғызу және түсіру жүру бөлігіне жақын жерде тек қана автомобильдің оң жағынан орындалады.

123. Жолаушыны күту қажет болған жағдайда (оның өтініші бойынша) жолаушы жүргізушімен жүріп өткен жолы үшін толық есеп айырысуға міндетті.

124. Такси автомобильді жіберуге тапсырысты тасымалдаушы радиоландырылған немесе ұялы байланыс құралдары арқылы қабылдайды. Жолаушы жол жүру құнын жол жүру аяқталған соң төлейді.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

125. Тапсырысты қабылдау және такси автомобильдерді жіберу арасындағы уақыт аралығы, сондай-ақ шұғыл тапсырыстарға ақы төлеу тәртібі мен мөлшері диспетчерлік қызметтермен (бар болса) келісу бойынша белгіленеді.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

126. Алдын ала тапсырыс жасалған кезде жүргізуші такси автомобильдің тапсырыста көрсетілген уақытқа қарай жіберілуін қамтамасыз етеді, бұл ретте оның жолаушыны күту уақыты 10 минуттан аспайды. Осы уақыт өткеннен кейін жүргізуші жолаушыға немесе оған тапсырысты берген диспетчерлік қызметке (бар болса) хабарлап, тапсырыс орнынан кетеді.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

127. Таксимен тасымалдау тарифтерінің мөлшерін тасымалдаушы белгілейді.

128. Жолаушы такси автомобильге отырған соң жүргізуші таксометрді (бар болса) іске қосады.

Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

129. Жол жүру аяқталғаннан кейін таксометрдің (бар болса) көрсеткіштеріне сәйкес жолаушыға такси автомобильдің көрсетілген қызметі үшін түбіртек (чек) беріледі.

Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

130. Такси автомобильді бірнеше жолаушы жалдаған жағдайда жол жүру төлемақысының жалпы сомасы жолаушылар арасында әрбір жолаушының жүріп өткен қашықтығына барабар бөлінеді.

Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

131. Егер такси автомобильмен тасымалдау процесінде, оның ішінде жүргізушіге байланысты емес мән-жайларға орай оның қозғалысын жалғастыру мүмкін болмайтын ахуал туындаса, тасымалдау шарты мерзімінен бұрын бұзылды деп есептеледі, жолаушы жүріп өткен қашықтықтың құнын төлейді.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

132. Таксидегі жол жүру ақысына жеңілдіктер жасауды тасымалдаушы көздейді.

133. Такси автомобильдің жүк бөлімшесінде жалпы салмағы автомобиль шығарушы регламенттеген салмақтан аспайтын жүкті тасымалдауға және жүк бөлімшесінің қақпағы жабық болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

134. Такси автомобильдің салонында есік арқылы еркін сиятын, салон қаптамаларын және оның жабдықтарын бүлдірмейтін әрі былғамайтын, жүргізушіге автомобильді жүргізуге және артқы айнаны пайдалануға кедергі келтірмейтін әртүрлі нәрселер мен заттарды тасымалдауға рұқсат етіледі.

135. Такси автомобильдерде ұсақ жануарлар мен құстарды себептерде, торларда немесе түбі бүтін сөмкелерде тасымалдауға рұқсат етіледі. Такси автомобильдерде иттерді тасымалдауға тек жүргізуші мен басқа жолаушылардың келісімі болған кезде ғана рұқсат етіледі.

136. Такси жүргізушілері:

жүру жолында қозғалыс жолағын алдын ала таңдайды, жылдамдық режимін реттейді және маневр жасауды көлік құралының барынша қауіпсіздігін және бірқалыпты жүруді қамтамасыз ететіндей түрде жүзеге асырады;

көлік құралының жол жүрісінің қауіпсіздігіне, жолаушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін техникалық ақауы болған жағдайда көлік құралын тоқтатып, барлық есіктерін ашады және жолаушыларды шығарады;

шұғыл жағдайларда 101, 102, 103 мамандандырылған қызметтеріне немесе "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметіне дереу жүгінеді;

жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда оқиғаның сипаттамасы туралы тиісті қызметтерге хабарлау үшін дереу шаралар қолданады және мүмкіндігінше зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетеді, оларды шұғыл медициналық жәрдем пункттеріне жеткізуді ұйымдастырады;

көлік құралында жолаушы байқамай ұмыт қалдырған заттар болса, оларды қысқа мерзімде тасымалдаушы әкімшілігінің жауапты жұмыскерлеріне немесе "табылған заттар үстеліне" сақтауға тапсыруды қамтамасыз етеді;

такси автомобильде ақаулар анықталған кезде бұл туралы диспетчерлік қызметке (бар болса) дереу хабарлайды және жолаушының баратын жеріне немесе ең жақын жолаушылар көлігі аялдамасына дейін тез жетуіне жәрдемдеседі;

тасымалдау қауіпсіздігін және жолаушыларға жоғары қызмет көрсету мәдениетін қамтамасыз етеді;

жолға шығар алдында автомобильдің техникалық жай-күйін тексереді;

жүргізушінің рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап-тексеруден, сондай-ақ такси автомобильдің техникалық қарап-тексеруден өткені туралы мәліметті жол парағына енгізуді қамтамасыз етеді;

музыка ойнатқыштарды немесе радиоқабылдағыштарды жолаушының келісімімен қосады және оларды жолаушының талап етуі бойынша сөндіреді.

Ескерту. 136-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

137. Тапсырыстың орындалуына жеке өзі немесе телефон арқылы шақырылатын такси автомобильдегі жүргізуші мынадай себептер бойынша:

егер адамды құқық қорғау органдары қудаласа;

жолаушылардың саны автомобильдегі отыратын орындардың санынан асқан кезде;

жолаушының өміріне қауіп төнетін жағдайлардан басқа, жолаушы мас күйде немесе есірткіден уытталған күйде болған жағдайда;

жолаушының киімі, оның жүгі немесе ол алып жүретін жануарлар басқа жолаушыларға немесе автомобиль салонына зиян келтіруі мүмкін болған жағдайда;

қозғалысына тыйым салынған немесе апатты жағдайдағы жолдармен жүріп, қызмет көрсетуге шақырған кезде оны орындаудан бас тартуға құқылы.

138. Жүргізуші, егер жолаушылардың жүгі жүк бөлімшесіне сыйса және оған зиян келтірмесе, оны тасымалдауға тыйым сала алмайды.

139. Егер зақымдалуы Жол қозғалысы ережесінің және осы Ереженің бұзылуынан туындаса, тасымалдаушылар материалдық жауапкершілік тартады және жолаушылар денсаулығына, сондай-ақ олардың тасымалданған заттарына келтірілген зиянның орнын толтырады.

140. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7-тарау. Осы Ереженің сақталуын бақылау

Ескерту. 7-тарау алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.09.2022 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

141. Осы Ереженің сақталуын бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Астанада жолаушыларды
және жүкті автомобиль
көлігімен тасымалдау ережесіне
қосымша

Жолаушылардың және жүктің қалалық тұрақты автомобиль тасымалдарының бағыттарында қызмет көрсетуге арналған конкурстық ұсыныстарды бағалау шкаласы

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с N	Көрсеткіштер	Балл саны
1	2	3
1	Автобустарды, шағын автобустарды пайдалану мерзімі, (әрбір автобус үшін): 3 жылға дейін; 4-тен 7 жылға дейін; 8-ден 10 жылға дейін; 10-нан 14 жылға дейін.	1 0,7 0,4 0,1
2	Жылжымалы құрамның тиесілігі: жеке меншік құқығындағы; жалдау құқығындағы. Ескертпе: аралас меншік тиесілігі кезінде бағытқа қызмет көрсету үшін қажетті көліктің жалпы санынан тиесілік пайызына барабар балл алынады.	5 3

3	<p>Жылжымалы құрамды сақтауға арналған өндірістік базаның болуы: өз меншігіндегі жылытылатын гараждардың болуы кезінде; жылытылатын гараждарды жалға алу кезінде; өз меншігіндегі жылытылмайтын гараждардың болуы кезінде; жылытылмайтын гараждарды жалға алу кезінде; ашық алаңдарда сақталған кезде.</p>	<p>5 4 3 2 0</p>
4	<p>Техникалық қызмет көрсетуге және ағымдағы жөндеуге арналған өндірістік базаның болуы: өз меншігіндегі қажетті жабдықтар жиынтығы мен персоналы бар техникалық қызмет көрсету және жөндеудің жылытылатын аймақтарының болуы кезінде</p>	
	<p>осындай база жалға алынған кезде ; өз меншігіндегі жылытылатын базаның болуы; 10 көлік бірлігіне 2 пост есебінен көтергішпен немесе қарау арығымен жабдықталған, техникалық қызмет көрсету және жөндеуге арналған ең аз қажетті цехтар, учаскелер жиынтығымен; осындай база жалға алынған кезде ; жоғарыда аталғандар болмаған кезде. Ескертпе: техникалық қызмет көрсету және жөндеудің жылытылатын аймағы агрегаттарды, электр жабдықтарын жөндеу мен оларға техникалық қызмет көрсету,</p>	<p>5 3 4</p>

	<p>шина жөндеу, дәнекерлеу, бояу орындары, ТО-1 және ТО-2 постылары бар цехтардың, учаскелердің жиынтығын, 100 көлік бірлігіне 20 машина орны есебімен қажетті көтергіш көлік жабдықтарымен агрегаттарды шығарып алу және қоюға арналған аймағымен бірге қамтиды.</p>	2 0
5.	<p>Аялдамаларды жариялауды жүзеге асыру нұсқалары: көлік бірліктері хабарлаушы құралмен 100 пайыз жабдықталған кезде; автоматтандырылған дауыс шығарғыш құрылғы арқылы; жүргізуші немесе кондуктор хабарлайды; кресло-арбаны пайдаланатын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға бейімделген жылжымалы құрамның болуы.</p>	7 3 1 +0,1 әр автобус үшін
6.	<p>Басшылық жасаушы буынның жолаушылар тасымалдау саласындағы жұмыс тәжірибесі: 3-тен 5 жылға дейін; 5-тен 8 жылға дейін; 8 жылдан аса.</p>	2 4 6
7.	<p>Жүргізуші персоналдың жолаушылар тасымалдау саласындағы жұмыс тәжірибесі: 3-тен 5 жылға дейін; 5-тен 8 жылға дейін; 8 жылдан аса. Ескертпе: жүргізуші персоналдың жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде бағытқа қызмет керсету үшін қажетті жүргізушілердің жалпы санынан орташа балл есепке алынады.</p>	2 4 6
	Желіден шығып қалған жылжымалы	

8.	<p>бірліктерді ауыстыру жөніндегі шаралар жүйесі: желіден шығып қалған көліктің ауыстырылуын 0,5 сағат ішінде қамтамасыз ететін резервтік көлік пен ұтқыр байланыс құралдары (радиостанция, ұтқыр телефон) бар желі персоналының болуы кезінде; желіден шығып қалған көліктің ауыстырылуын 1 сағат ішінде қамтамасыз ететін, байланыс құралы жоқ желі персоналынсыз резервтік көлік болған кезде; жоғарыда санамаланғандар болмаған кезде.</p>	5 3 0
9.	<p>Жолаушылар тасымалының жағдайларын жақсартатын қосымша ұсыныстар: тиісті бағыттағы автобустардың немесе шағын автобустардың түрлері мен сыныптарының біртектілігі.</p>	+0,5

Комиссияның қалауы бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыруда реттік нөмірі 9-жолдың "Жолаушылар тасымалының жағдайларын жақсартатын қосымша ұсыныстар" деген 2-бағанына қосымша өлшемшарттар (жылжымалы құрамның шанағын автоматты түрде жуу, электр қозғалтқыштары бар автобустар , табиғи газбен жұмыс істейтін қозғалтқыштары бар автобустар) енгізіледі.